

ӘОЖ 614.253.1

А.К. Садыков, Ж.Б. Базарбек, Г.А. Берекенова, Р.М. Амирханов

**Семей қаласының Мемлекеттік медицина университеті,
Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы****МЕМЛЕКЕТТІК КЛИНИКАЛАРДА ДӘРІГЕРЛЕРДІ УӘЖДЕНДІРУ****Тұжырым**

Еліміздің қоғамдық-экономикалық және халық шаруашылығының кез келген салалары қызметінің дамуы тек қана қызметкерлер еңбектерінің жоғарғы өнімділігі негізінде ғана іске асуы мүмкін. Бұндай еңбек әркім тарапынан үлкен ынтылысты талап етеді, яғни, еңбекті уәждеңдіру негіздері мықты болуы Салауатты өмір салтын қалыптастыратын негізгі факторлар: еңбектік белсенділік пен еңбекпен қанағаттанушылық, психологиялық элементтер ретінде тек денсаулықтың қалыптасуында ғана емес, сонымен қатар, оның бұзылыстарының дамуында да маңызды рөл атқарады. Медицина қызметкерлерінің қоғамдық-экономикалық жағдайларымен қанағаттанбауы медициналық көмектің сапасына айтарлықтай әсер етеді.

Жоғарыда аталғандар, дәрігерлер еңбегінің уәждеңу жүйесін құруға бағытталған кешенді қоғамдық-гигиеналық зерттеулердің жүргізілуінде заманауи әдістерінің қолданылуының қажеттілігін көрсетеді.

Негізгі сөздер: дәрігер, денсаулық, қызмет көрсету, жалақы, жекеменшік, науқас, аудит.

Дәрігерлік қызмет – науқас адам алдында үлкен жауапкершілік жүктейді. Жаман актер, жаман агроном, жаман технолог, жаман зоотехник болса да, жаман дәрігер болуға еш хақы жоқ. Адам денсаулығымен, тіпті, кейде оның өмірімен ойнауға болмайды. Адамның денсаулығы алтынмен, күміспен, ақшамен, дүниемен өлшенбейді. Адам денсаулығы мен өмірі – ең қымбат, ең қасиетті, еш дүниемен өлшенбейтін баға жетпес құндылық. «Басты байлық – денсаулық» деп қазақ атам заманнан денсаулықтың қадірін жоғары бағалаған дәрігердің әлеуметтік жағдайын ұмытпаған жөн.

М.Монтель «Денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш - жүгерді, не еңбекті, тіпті, барлық дүниені аямай жұмсау керек. Денсаулық үшін өмірдің бір бөлігін де киюға болады. Денсаулықсыз өмір – қызықсыз әлем деп есептеймін» деген. Мыңдаған кесел мен дерт «тонын айналдырып», сан құбылып, жүз өзгеріп адамзаттың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіріп жатқан қазіргі уақытта дәрігерден терең білімділікті, сезімталдықты, байқампаздықты, аңғаруы мен түйсігі мол болуды талап етеді. Олай болмаса дәрігер сырақаттың түрін дер кезінде анықтауда, емдеуде қателік жіберуі әбден мүмкін. Егер олай болса сырақат денсаулығына, өміріне қауіп бұлты қоюлана түсетіні мәлім. Әрине, бұл күндері медициналық технология жан-жақты жақсы дамыған кезде дәрігерлердің қызметі едәуір жеңілдей түскені рас. Өкінішке орай, жас дәрігерлердің көпшілігі жаңағы диагностикалық аппараттар мен жабдықтарға иек асып, клиникалық ойлау, сараптау қабілетінен ажырай бастады. Білімімен қатар, дәрігер мінезге бай, санасы биік, ойы таза, түйсігі мол, жүрегі жомарт, мейір мен ізгілікке жаны құмаржан болуы керек. Ондай болмаса ол он ойланса да, жүз толғанса да сыйлы дәрігер бола алмайды, абыройға ие болмайды. Медицина қызметкерлерінің мардымсыз жалақысы жайлы айтыла-айтыла жауыр болған тақырып. Бар болғаны 70-80 мың теңге үшін дәрігер күнді түнге ұрып, түнді күнге ұрып аян бай ең бекетеді (күндізгі жұмыс, түнгі кезекшілік, ертеңіне тағы кешке дейін үйреншікті дәрігерлік қызмет). Ол кезде отбасы жайлы ойлауға да кейбірінің уақыты да жоқ. Мардымсыз жалақысын бала-шағасының тамағы мен киім-кешегіне, оқуына қалай жеткізем деп жүріп, негізгі жұмысынан басқа жерде (жеке меншік емханалар мен мед.училищелерде) жұмыс істеуге мәжбүр. Әрине одан кейін тіршіліктің уқыметі мен жұмыстан әбден титығып

атқарып жүрген қызмет сапасы төмендейді, қателіктер жіберіледі? Оның кітап, журнал, газет оқып, өз бетінше білімін жетілдіруге уақыты, тіпті, мұршасы жетпейді.[1] Оның үстіне қазіргі күндерде денсаулық саласында жыл сайын тынымсыз жүріп жатқан реформалар мен бір бітпейтін, еш аяқталмайтын өзгерістер дәрігерлердің басым көпшілігін қағаз басты етіп жібергенін жасырмауымыз керек (тіпті, кейде аурумен асықпай бетпе-бет сөйлесуіңе, тамырын ұстап, қан қысымын өлшеуге, хал-жағдайын сұрауға уақыт тапшы). Ол қағаздарды (науқаснама) дер кезінде дұрыс толтырып, өткізбесең ертең сәгіс аласың, айлықтан қағыласың. Күндіз-түні жұмыс туралы, ауыр науқас жайлы ойлап, денсаулығы сызат беріп, жүйкесі тозып жүрген дәрігерлердің ерлікке толы еңбегін біздің қоғам өз дәрежесінде қадірлеп, сыйлап, баға беріп жатыр ма? Жоқ, кім қалай ойласын, ал менің көңілім толмайды. Қай дәрігерден сұрасаңыз да осы сөзімізді растайтынына көзіңіз жетеді. Біраз жыл республикамыздың Парламент Мәжілісінің депутаты болған Тито Сыздықовтың мәліметіне қарағанда, дамыған мемлекеттер дәрігерлерінің жылдық табысы 120-150 мың доллар болса, біздің дәрігерлер бар болғаны 5-6 мың доллар алады. Салыстырып көріңізші. Айырмашылығы жер мен көктей емес пе? Олар қандай жағдайда ең бекетеді, ал бізде қалай? Соны ойласаң, көңілің құлазып, қарның ашады, жүрегің сыздайды. «Біреуге бақыт сыйлай жүріп – өзім сөнемін!» («Светя другим – сгораю сам!») дегендей өзге жандарға денсаулық, қуаныш, бақыт, өмір сыйлай жүріп, кейде денсаулығы сыр беріп, өкінішке қарай, өзі қалай «сөніп» қалғанын кейде байқамай қалады. Қай дәрігер болмасын, өздерінің өмірінен осы тақырыпқа ондаған мысал келтіре алареді.

Мамандығын сүйген, кәсіби білімі терең, шеберлігі жоғары нағыз дәрігерлер, тәуба, ортамызда әлі де баршылық. Оған шүкір. Сол – үміт отын маздатып, сенімді діізбейді. Жақсы дәрігердің адамдық жарқын бейнесі, көпшілікке атқарған игілікті істері көптің жүрегінде, халықтың ойында қалады, әріптестерінің ардағына айналады. Әлі де солай бола бермек. Медициналық көмек сөзінің мәніне үңіліп көрдіңізбе? Көмектесу, жәрдемдесу, көңіл бөлу, мейірім таныту, рақымшылық көрсету. Адам дәрігерге көмек сұрап, жәрдемалу үшін келеді. Ал қазір «көмек» сөзін «қызмет» сөзімен алмастырдық. Бүгінгі қоғам үшін медициналық қызмет пен медициналық көмектің айырмашылығы жоқ. Бірақ қызмет пен көмек екі ітүрлі

ұғым. «Алдымызға келген науқастардың барлығын емдегіміз келеді, бірақ қолымыз байлаулы» - деген пікір.

Аудит деген сөздің өзі «контроль», бақылау деген мағынаны білдіреді. Сапаны қадағалау, бақылау. Көпшіліктің пікірінше, аурухана сапасы дәріге ғана байланысты. Медициналық мекеменің сапасы дәрі және дәрігерге ғана байланысты емес, дәрігер мен науқас қарым-қатынасы да маңызды рөл атқарады. Ішкі аудит мақсатына аурухананың жалпы мүмкіндігі, құрал-жабдықтар, диагностикасы, қай сапада ем жүріп жатыр соны бақылау, қадағалау кіреді [2]. Бізде науқасты протокол бойынша емдейді. Ем протокол бойынша жүріп жатыр ма, бөлімше дәрі-дәрмек жағынан, штат жағынан қалай қамтылып тұр. Содан кейін тағы қандай қосымша мүмкіндік бар соны бақылаймыз. Аудиттің жұмысында тек қана бақылау жүргізу емес, емдейтін дәрігер мен бірге жұмыс істеу маңызды. Емдеу процесінде болатын проблемаларды емдеуші дәрігер мен бірге шешу маңызды. Науқасты емдеуге қосымша мүмкіндік болмаса басқа жерге жібереміз. Ауырхалдегі науқастар болады, ондай кезде басқа мамандарды жинап консилиум өткізуге тиісті. Аудит жұмысын айлық жоспары бойынша жүргізіледі. Дүние жүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының мәліметі бойынша жыл сайын әлемде 10 миллионнан астам адам инсульт және инфаркт салдарынан өмірден өтеді. Ал инсульттан көз жұматындар жүрек ақаулары және онкологиялық аурулардан кейінгі 3 орында тұр. Біздің елде де бұл дертке шалдығатындар саны күрт көбейіп кетті. Инсульттан өлім жағдайы жоғары. Оның үстіне қазір инсульт жасарып кетті. Осыдан 10 жыл бұрын инсультке шалдыққан адамның жасы 60-70 жа болса, қазір 40-60 жас болды. Сонымен инсульттың белең алуының негізгі себептері: біріншіден әлеуметтік жағдай, өмір ритмы; екіншіден адамдардың өз денсаулығына немқұрайлы қарауы. Инсульттың белең алуының бірінші себебі - әлеуметтік фактор. Біз туберкулез – әлеуметтік ауру деп айтуға үйреніп алдық. Инсульт «әлеуметтік факторы» деп, кедейшілік, төменгі күн-көріс деңгейі ретінде емес. Бүгінгі уақыт өзгерістерді, жылдамдықты, белсенділікті талап етеді. Көштен қалмас үшін, бүгінгі заманауи адам белсенді болуға тырысады. Алдыға ұмтылады, үнемі асығып жүреді. Адамға бүгінгі өмір жылдамығы тым ауыр.

Осының салдарынан стрестік жағдайлар көп. Ал екінші фактор: біздің халықтың менталитетінде. Кейбір науқастар денсаулығын сақтау үшін өзі ештеңе жасамайды. Дене кимылы, салауатты өмір салты, аурудың алдын-алуға мән бермейді [3]. Инсультқа шалдығудың басты себебі – қан қысымы жоғары болуы. 180, 200 қысыммен жүре беретін адамдар бар. Кейбіреулері «мен 240-пен жүре беремін» деп мақтанып айтады. Бұл адамның жастығы немесе сосудтарының жақсы болуымен түсіндіріледі. Науқастардың созылмалы ауруын учаскелік дәрігерлер қадағалау керек. Қан қысымы жоғары адамдарға тәуліктік мониторинг жасап, кейін ем белгілеу қажет. Біздің науқастар болса дәрігер жазып берген дәріні 5-10 жыл ішіп жүре береді. Ал дәрі әсер етпейді. Соңы инсультке әкеледі. Жақсы дәрігер болу үшін ең бірінші білім керек. Білімсіз дәрігер болмайды. Екіншіден, науқасқа деген көңіліңіз, жанашырлық, рақымдылық. Ауырып келген адамның психологиясы әлсіз, жаны жаралы болады. Оған мейірімділік керек. Білім мен мейірімділік дәрігер үшін ең қажетті [4].

Француздың ағартушы педагогы Жан Жак Руссо «Ұстаздық уақыт ұту емес. Өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» деп көрсеткен екен. Демек, біз адам жанының арашашысы болып жүрген дәрігерді өз уақытын, білімі мен күш-жігерін сырқаттардан еш аямайтын, өзгенің бақытын аялайтын жеке тұлғаға айналдыра білуіміз керек.

Әдебиеттер:

1. Иванюшкин А.Я., Курило Л.Ф., Лопухин Ю.М., Седова Н.Н., Тищенко П.Д., Юдин Б.Г. Биоэтика: вопросы и ответы. – М.: Прогресс-Традиция, 2005. – С. 8-65.
2. Закон Республики Казахстан «Об охране здоровья граждан», 2006. - www.zakon.kz.
3. Нокиной Г., В. Гуревич Отношение населения к своему здоровью и системе здравоохранения: Результаты социолог.исслед. – Алматы: Фонд XXI век, 2002. – С. 13-49.
4. Зыятдинов К.Ш. Некоторые этико-правовые проблемы взаимоотношений врача и пациента // Проблемы социальной гигиены, здравоохранения и истории медицины. – 2000. – № 2. – С. 22-25.

Резюме

МОТИВАЦИЯ ПЕРСОНАЛА В ГОСУДАРСТВЕННЫХ КЛИНИКАХ

А.К. Садықов, Ж.Б. Базарбек, Г.А. Берекенова, Р.М. Амирханов
Государственный медицинский университет города Семей,
Кафедра общественного здравоохранения

В государственных медицинских учреждениях, где трудится большинство врачей, весьма ценится возможность исполнять сверхурочно работу, с целью получения дополнительных выплат. Следовательно, и то, и другое тоже можно считать частью системы мотивации персонала в государственных клиниках и больницах.

Ключевые слова: врач, здоровье, оказание помощи, заработная плата, пациент, аудит, частное.

Summary

MOTIVATION OF STAFF IN STATE CLINICS

A.K. Sydykov, Zh.B. Bazarbek, G.A. Berekenova, R.M. Amirkhanov
Semey State medical university
Department of Public Health

In the state medical institutions where the majority of doctors works, opportunity to execute overtime work, and also to work, for receiving additional payments is very appreciated. The refore, it is possible to consider as part of system of motivation the personnel in the state clinics and hospitals.

Key words: doctor, health, assistance, wages, patient, audit, private.